

# Экономиканың Озыңқы Индикаторы

2022 10 айы

Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ) релін атқарады. ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қоймалау.

## 2022 жылдың 10 айы ішінде ҚЭИ өсімі біздің күткеніміздей бәсеңдеуін жалғастырып, 3.1%-ды құрады. 9 айдың ішінде өсім 3.5%-ға жетті.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі секторларында өсу қарқыны төмендеуде. Сонымен қатар **өнеркәсіпте, саудада, көлік және қоймалауда өсу қарқыны бәсеңдеді. Ал ауыл шаруашылығы мен байланыс керісінше өсті.**

Өнеркәсіптік секторда өсім бәсеңдеуде: тау-кен өндірісі саласы теріс аймаққа енді (-1%), өңдеуші саланың өсімі 4.6%-дан 4.3%-ға дейін түсті. Шикі мұнайды (-2.5%), табиғи газды (-1.5%), темір кенін (-18.5%) және басқа да пайдалы қазбаларды (-9.9%) өндіруде әр түрлі қиындықтар пайда болды.

Бұған дейін құрылыс саласы нарығында қызып кету жағдайы орын алған болатын. Енді бұл сала өзінің әлеуетті деңгейіне біртіндеп оралуда.

Өнеркәсіптегі мәселелер көрсетілетін қызметтер саласының жекелеген секторларына да әсер етуде. Айталық, ішкі сауда +4.3%-дан +4.1%-ға дейін бәсеңдеуін жалғастырды. Біздің болжауымызша бұған азық-түлік бағасының өсуі (қазан айында ж/ж +23.1%) және өткен жылдың жоғары базасы себеп болды. Көлік және қоймалауда өсім 4.8%-дан 3.9%-ға дейін салқындалды. Ал бұған жүк тасымалының 2.9%-ға және жүк айналымының өсу қарқынының 3.0%-дан 2.5%-ға дейін түскендігі ықпал етті.


Осы ретте астық түсімінің жақсы болуының арқасында ауыл шаруашылығы саласының өсімі 8.2%-ға жетті.

Телекоммуникация және байланыс өз кезегінде озық түрде дамуып жатыр (+7.1%). Мұны Алматы мен Астанада интернет қызметі бағасының өскендігімен түсіндіруге болады.

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022
Қаңтар	2.9	4.4	-5.8	3.0
Қаңтар - ақпан	3.6	4.9	-4.0	5.5
Қаңтар - наурыз	4.2	4.3	-1.8	6.5
Қаңтар - сәуір	4.1	1.2	1.2	6.0
Қаңтар - мамыр	3.7	-0.5	2.0	5.9
Қаңтар - маусым	4.3	-1.0	2.9	4.5
Қаңтар - шілде	4.4	-2.7	3.7	4.0
Қаңтар - тамыз	4.8	-2.9	3.9	3.7
Қаңтар - қыркүйек	4.7	-2.5	4.1	3.5
Қаңтар - қазан	4.7	-2.8	3.9	3.1
Қаңтар - қараша	4.7	-2.6	4.1	
Қаңтар - желтоқсан	5.0	-2.4	4.5	


Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

## ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

## ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

## Өңірлік даму

**Экономикалық тұрғыдан елеулі түрде дамып жатқан қалалар мен облыстар:** Шымкент (+10.5%), Астана (+7.6%), Ақмола (+12.1%) және Солтүстік Қазақстан облыстары (+7.3%).

Шымкент қаласы мен Ақмола облысында құрылыс секторы, Астанада – байланыс, көлік және қоймалау, ал Солтүстік Қазақстан облысында – ауыл шаруашылығы айтарлықтай өсіп жатыр.

Екі облыста экономика **төмендеуде:** Ақтөбе (-0.3%) және БҚО (-0.7%). Мұнда экономикалық құлдырау сауда (Ақтөбе облысы) мен газ конденсатын өндірудің (БҚО) төмендеуі салдарынан орын алды.


Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарастыратын болсақ, ауыл шаруашылығы барлығынан бұрын Қостанай облысында дамуда (+38.6%).

Жамбыл облысында өнеркәсіптік сектордың өскендігі байқалады. Мұнда «Тараздың химия паркі» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді.

Жетісу облысында сауда секторы серпінді дамып жатыр.

## Өңірлер бойынша 2022 жылдың 10 айы ішіндегі ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+3.1%** (+3.9%)\*



\*жақшада 2021 жылдың 10 айындағы деректер көрсетілген

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Алматы **+5.6%** (+8.4%)  
Астана **+7.6%** (+9.2%)  
Шымкент **+10.5%** (+6.9%)

# ҚЭИ және экономиканың басты салалары облыстар тұрғысында

2022 жылдың 10 айы

<b>Абай облысы</b> <b>ҚЭИ: 3.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.7% Өнеркәсіп: 9.4% Құрылыс: -14.2% Ішкі сауда: -15.5% Көлік және қоймалау: 0.0% Байланыс: 8.5%	<b>Ақмола облысы</b> <b>ҚЭИ: 12.1%</b> Ауыл шаруашылығы: 18.7% Өнеркәсіп: 8.8% Құрылыс: 26.8% Ішкі сауда: 4.1% Көлік және қоймалау: 2.6% Байланыс: 0.3%	<b>Ақтөбе облысы</b> <b>ҚЭИ: -0.3%</b> Ауыл шаруашылығы: 5.6% Өнеркәсіп: 1.2% Құрылыс: 4.2% Ішкі сауда: -15.6% Көлік және қоймалау: 3.7% Байланыс: 4.6%
<b>Алматы облысы</b> <b>ҚЭИ: 3.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.4% Өнеркәсіп: 4.8% Құрылыс: 16.4% Ішкі сауда: -0.5% Көлік және қоймалау: 0.0% Байланыс: -3.9%	<b>Атырау облысы</b> <b>ҚЭИ: 0.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 1.5% Өнеркәсіп: -1.9% Құрылыс: 11.2% Ішкі сауда: 3.8% Көлік және қоймалау: 2.7% Байланыс: 5.0%	<b>Батыс Қазақстан облысы</b> <b>ҚЭИ: -0.7%</b> Ауыл шаруашылығы: 4.8% Өнеркәсіп: -1.3% Құрылыс: 0.5% Ішкі сауда: -0.5% Көлік және қоймалау: -0.1% Байланыс: 3.7%
<b>Жамбыл облысы</b> <b>ҚЭИ: 5.7%</b> Ауыл шаруашылығы: 4.9% Өнеркәсіп: 11.1% Құрылыс: 4.3% Ішкі сауда: 4.1% Көлік және қоймалау: 0.6% Байланыс: 1.6%	<b>Жетісу облысы</b> <b>ҚЭИ: 3.8%</b> Ауыл шаруашылығы: 1.3% Өнеркәсіп: -2.4% Құрылыс: 13.9% Ішкі сауда: 24.5% Көлік және қоймалау: 0.9% Байланыс: 6.6%	<b>Қарағанды облысы</b> <b>ҚЭИ: 1.4%</b> Ауыл шаруашылығы: 1.2% Өнеркәсіп: 1.5% Құрылыс: -8.9% Ішкі сауда: 6.5% Көлік және қоймалау: 0.2% Байланыс: -2.6%
<b>Қостанай облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 38.6% Өнеркәсіп: -4.3% Құрылыс: 4.5% Ішкі сауда: 7.1% Көлік және қоймалау: 0.2% Байланыс: -5.6%	<b>Қызылорда облысы</b> <b>ҚЭИ: 1.4%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.1% Өнеркәсіп: -1.3% Құрылыс: 22.9% Ішкі сауда: 2.3% Көлік және қоймалау: 0.2% Байланыс: -0.9%	<b>Маңғыстау облысы</b> <b>ҚЭИ: 1.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 13.4% Өнеркәсіп: 2.1% Құрылыс: -33.1% Ішкі сауда: 21.7% Көлік және қоймалау: 13.1% Байланыс: 10.8%
<b>Павлодар облысы</b> <b>ҚЭИ: 0.0%</b> Ауыл шаруашылығы: 2.7% Өнеркәсіп: -0.9% Құрылыс: 5.1% Ішкі сауда: 2.2% Көлік және қоймалау: -0.2% Байланыс: 0.7%	<b>Солтүстік Қазақстан облысы</b> <b>ҚЭИ: 7.3%</b> Ауыл шаруашылығы: 12.8% Өнеркәсіп: 1.1% Құрылыс: 7.6% Ішкі сауда: 0.2% Көлік және қоймалау: -0.1% Байланыс: -4.7%	<b>Түркістан облысы</b> <b>ҚЭИ: 1.8%</b> Ауыл шаруашылығы: 2.0% Өнеркәсіп: -4.2% Құрылыс: 5.1% Ішкі сауда: 10.5% Көлік және қоймалау: 8.3% Байланыс: 8.8%
<b>Ұлытау облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.4%</b> Ауыл шаруашылығы: -1.9% Өнеркәсіп: 5.1% Құрылыс: 13.5% Ішкі сауда: -18.4% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: -0.1%	<b>Шығыс Қазақстан облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 3.6% Өнеркәсіп: 3.4% Құрылыс: 8.5% Ішкі сауда: 9.6% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: -4.7%	<b>Астана</b> <b>ҚЭИ: 7.6%</b> Ауыл шаруашылығы: -0.4% Өнеркәсіп: 1.2% Құрылыс: 1.1% Ішкі сауда: 9.3% Көлік және қоймалау: 18.2% Байланыс: 16.7%
<b>Алматы</b> <b>ҚЭИ: 5.6%</b> Ауыл шаруашылығы: -0.4% Өнеркәсіп: 9.2% Құрылыс: 5.1% Ішкі сауда: 4.1% Көлік және қоймалау: 6.2% Байланыс: 6.8%	<b>Шымкент</b> <b>ҚЭИ: 10.5%</b> Ауыл шаруашылығы: -10.0% Өнеркәсіп: 5.8% Құрылыс: 31.4% Ішкі сауда: 14.8% Көлік және қоймалау: 7.7% Байланыс: 5.0%	

## Тәуекелдер мен келешектер

Экономиканың өсу қарқынына қысым көрсетіп жатқан **басты сала – өнеркәсіп секторы**. Атап айтар болсақ, **тау-кен өндіру саласы**. Ондағы мәселелер әлі шешілер емес.

Энергетика министрінің мәлімдеуінше Қашаған мен КҚК өз жұмысын қазан айының ортасына қарай қалпына келтіруі керек болатын. Бірақ әлі де толық күшінде іске қосылған жоқ.

Сонымен қатар қара металл, темір кені мен концентратын Ресейге экспорттау көлемі де төмендеп жатыр. Біздің зерттеуге сәйкес, бұл темір кенін өндіру жұмысына және аталмыш саланың одан әрі дамуына кері әсер етеді. Осы ретте инфляцияның өршуі (қазан айында -18.8%) өңдеуші және құрылыс салаларына да кері әсерін тигізуде. Өйткені мұнда өзіндік баға өсе түскен.


Дейтұрғанмен, сауданың жыл басынан бастап, көтерме сауда сегментіне ойысуы біздің пікірімізше одан әрі жалғасады. Мұны тауар жеткізу жолдарының бұзылу қаупі бар екендігімен, ұзаққа созылған геосаяси шиеленістермен және азық-түліктің әлемдік бағасының өскендігімен түсіндіруге болады.

Ауыл шаруашылығы саласына маусымдық факторлар жиі әсер етеді. Бұл саланың дамуы кейін экономиканың өсуіне төмендетілмелі түрде ықпал етуі мүмкін.

Осылайша қазіргі жағдайда экономиканың көптеген бағыттарының дамуы тежелуде. Өйткені әлемдік инфляциялық қысым күшейіп, әлем елдерінің орталық банктері пайыздық мөлшерлемені жоғарылатып, монетарлық шараларды қатаңдатып жатыр.

**Біз экономиканың дамуындағы айқынсыздықтарды ескере отырып, экономиканың жылдық өсімінің болжамдық мәнінің төменгі шегін 2.2%-2.5%-ға дейін төмендетуді ұйғардық.**

## ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, primeminister.kz, Jusan Analytics есептеулері

**Автор:** Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат. analytics@jusan.kz





**JUSAN ANALYTICS**

